

Көксәйек ауылдық округі Көксәйек елді мекені Досалы би көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданының Көксәйек ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 13 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 6111 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Төлеби аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 10 наурыздағы № 08-02-07/64 ұсынысы негізінде, Көксәйек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Төлеби ауданының, Көксәйек ауылдық округіне қарасты Көксәйек елді мекені, Досалы би көшесі № 19 үйден ірі қара малдың "бруцеллез" ауруына оң нәтиже бергеніне байланысты Көксәйек ауылдық округі, Көксәйек елді мекені, Досалы би көшесіне шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. "Төлеби ауданының Көксәйек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көксәйек ауылдық округі әкімі

А. Кабылбеков